

Ақтөбе облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2022 жылғы 9 ақпандағы № 27 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 ақпанда № 26768 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 266 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 19.09.2024 № 266 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 4-4-бабының 4-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 173 "Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22807 тіркелген) сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

О. Уразалин

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2022 жылғы 9 ақпандағы
№ 27 қаулысымен бекітілген

Ақтөбе облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі

1. Ақтөбе облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 4-4-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Ақтөбе облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Ақтөбе облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі - көрсетілетін қызмет) осы Әдістеменің қосымшасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына байланысты айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $P_n = B_n \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_n (price) - қосылған құн салығын ескере отырып, газеттердегі көрсетілетін қызмет құны;

B_n - газетте орналастырылатын көрсетілетін қызметтің базалық бағасы бір шаршы сантиметр;

V - газетте орналастырылатын, шаршы сантиметрмен есептелетін көрсетілетін қызмет көлемі;

K_q - газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін - 1,3;

100 000 данаға дейін - 1,15;

50 000 данаға дейін - 1;

30 000 данаға дейін - 0,9;

20 000 данаға дейін - 0,8;

10 000 данаға дейін - 0,65;

5 000 данаға дейін - 0,5;

2) журналдар үшін $P_m = B_m \times V \times K_q$ формуласы бойынша, онда:

P_m (price) - қосылған құн салығын ескере отырып, журналдардағы көрсетілетін қызмет құны;

B_m - журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет үшін базалық бағасы бір шаршы сантиметр;

V - шаршы сантиметрмен есептелетін журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет көлемі;

Kq - журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін - 1,2;

10 000 данаға дейін - 1,1;

8 000 данаға дейін - 1;

5 000 данаға дейін - 0,9;

3 000 данаға дейін - 0,8;

1 000 данаға дейін - 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $P_i = B_i \times V \times K_q$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_i (price) - қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_i - интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секундiнiң, минутының, данасының базалық бағасы;

V - интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің таңбалармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

Kq - бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін - 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін - 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін - 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін - 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам болса - 1,4.

5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны $P_{tv} = B_{tv} \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

P_{tv} (price) - қосылған құн салығын ескере отырып, теледидардағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_{tv} - телевизияда орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң, минутының, сериясының базалық бағасы;

V - телевизияда орналастырылатын көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі.

Егер мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру кезінде телевизиядағы көрсетілетін қызметтердің жанрлары бойынша бөлінулер ескерілмеген жағдайда, телевизиядағы көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (B_{tv}) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны $P_r = B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

Pr (price) - қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны;

Bt - радиоарнада орналастырылатын көрсетілетін қызметтердің бір секундiнiң , минутының базалық бағасы;

V - радиоарнада орналастырылатын көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Ақтөбе облысының
аумағындағы бұқаралық ақпарат
құралдарында мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізу
үшін сатып алынатын
көрсетілетін қызметтердің
құнын айқындау Әдістемесіне
қосымша

Ақтөбе облысының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағалары

№	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	2022 жыл (теңге)	2023 жыл (теңге)	2024 және одан кейінгі жылдар (теңге)
1	Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	ш а р ш ы сантиметр	600	630	662
2	Ақтөбе облысы аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды	ш а р ш ы сантиметр	185		204

	дайындау және орналастыру) (Bn)			194	
3	Ақтөбе облысы аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (журнал) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bm)	ш а р ш ы сантиметр	257	270	284
4	Ақтөбе облысының аудандары аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (газет) көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bn)	ш а р ш ы сантиметр	100	105	110
5	Интернет-ресурста көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) (Bi)	таңба	85	89	93
6	Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын міндетті теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (жаңалықтар	минут	391 563		431 698

	сюжеттерін өндіру және орналастыру) (Btv)			411 141	
7	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Ақтөбе облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық оператор тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (ақпараттық материалдарды өндіру және орналастыру) (Btv)	минут	14 700	15 435	16 206
8	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Ақтөбе облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық оператор тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (жаңалықтар сюжеттерін өндіру және	минут	42 000		46 305

	орналастыру) (Btv)			44 100	
9	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Ақтөбе облысының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық оператор тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін қызмет (бейнероликтерді өндіру және орналастыру) (Btv)	секунд	4 311	4 526	4 752
10	Ақтөбе облысының аумағында таратылатын радиоарнада көрсетілетін қызмет (ақпараттық бағдарламаларды өндіру және орналастыру) (Br)	минут	5 845	6 137	6 444